



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

профессиональной деятельности (что является базовой составляющей профессии социального педагога, так как, не обладая указанными ценностями, он попросту не сможет помогать людям), во-вторых, совершенствовать умения и навыки, которые в совокупности с ценностными ориентациями формируют общекультурные, профессиональные и общепрофессиональные компетенции, что является основной задачей профессиональной подготовки социальных педагогов.

Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2015 г.)
2. Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С. Мн.: «Современное слово», 2001. — 928 с.
3. Байлук В. В. Человечествознание : моногр. Кн. 5: Принципы и методы воспитания и самовоспитания студентов. Екатеринбург, 2007 — 28 с.
4. Галагузова М. А., Галагузова Ю. Н. Интегративно-дифференцированная профессиональная подготовка специалистов социальной сферы: науч.-пед. аспект: моногр. М.: Гуманит. изд. центр Владос, 2010 — 45 с.
5. Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. М.: Изд-во МГУ, 2003.
6. Дорохова Т. С. Основные методологические подходы в преподавании истории социальной педагогики // Материалы методологического и методического семинаров Ин-та социального образования за 2009-2010 годы. Екатеринбург, Вып. 5, 2011 — 26 с.

УДК 371:376.2

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өтепова Айдана Өскенбекқызы

utepova.aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 4 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Исахова

Балалар мүгедектігі немесе тұтастай алғанда, адамдардың мүгедектігі, әсіресе оның әлеуметтік және интеграциялық аспектілері бүкіл әлемдегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында балалар құқықтарын қорғаудың маңыздылығын: «Балалар – біздің қоғамымыздың ең қауқарсыз әрі ең қорғалмаған бөлігі, олар құқықсыз болмауға тиіс» деп атап көрсетті. Әрі қарай ол индивидтің әлеуметтік кепілдіктері мен мұқтаждықтарының тізімін кеңейтудің және оған білім беру мен денсаулық сақтауға қатысты баптарды қосудың маңыздылығын атап өтті[1].

Мүгедектігі бар балаларға инклюзивті білім беру және оларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету Қазақстан қол жеткізген көптеген нәтижелердің тағы бір саласы болып табылады. Мүгедектігі бар балалар мүгедектік деңгейіне байланысты жалпы, инклюзивті немесе арнайы мектепке дейінгі, бастауыш немесе институционалдық әлеуметтік мекемелерге бара алады. Көптеген мүдделі адамдар, оның ішінде мұғалімдер, мүгедектігі бар және мүгедектігі жоқ балалардың ата-аналары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдері инклюзивті сыныптар мүгедектігі бар оқушылар үшін ең жақсы білім беру ортасын қамтамасыз етеді деп санайды[2].

Мұнымен қатар мүгедектігі бар балаларды жалпы білім беру мектептеріне тарту


міндетті түзету, педагогикалық және психологиялық көмек тұрғысынан үлкен күш-жігерді талап етеді.

Мүгедектігі бар адамдар мен балаларды қорғауға, қоғамға неғұрлым жетілген интеграциялану мен мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігер аясында Қазақстан 2008 жылы 11 желтоқсанда БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясына қол қойды. Қазақстанда мүмкіншілігі шектелген балалардың туғанынан бастап әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық амалдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерілуді және білім алуды ақысыз пайдалану құқығы еліміздің бас Конституциясында, «Білім туралы», «Мүмкіншілігі шектелген балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» заңдарда бекітілген.


Елімізде инклюзивті білімнің нашар дамуы «ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білім бағдарламасында» сипатталып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп-қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді және 2 кезеңге белгіленген инклюзивті білімді жүзеге асыруға мақсаттар мен міндеттер айқындалды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасында 2015 жылға инклюзивті білім берумен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25%-ын қамту көзделсе, инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептер үлесі 30%-ға, 2020 жылға қарай 70%-ға ұлғаяды, инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 50% құрайтын болады[3]. Дегенмен бұл саланың да мәселелері жетерлік.

ҚР БЖҒМ деректері бойынша, 2012 жылы «дамуында мүмкіндіктері шектеулі» 152370 бала (18 жасқа толмаған) есептелді. Жас ерекшелігі бойынша топтардың бөлінісі олардың 5%-ы 3 жасқа толмағанын, 23%-ы – 3 жастан 6 жасқа дейінгілер және 72%-ы – 7 жастан 18 жасқа дейінгілер екенін көрсетеді. 1 және 2-суреттер оқу орындарындағы (мектепке дейінгі мекемелер мен мектептер) мүгедектігі бар балалардың пайыздық үлесін көрсетеді. Көруге болатынындай, «дамуында мүмкіндіктері шектеулі» 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 67%-ы мектепке дейінгі мекемелерге бармайды, «дамуында мүмкіндіктері шектеулі» 7 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың 46%-ы мектептерде оқымайды. Тек тиісті жас ерекшелігі бойынша топтардағы «дамуында мүмкіндіктері шектеулі» балалардың 5 және 21 пайызы инклюзивті балабақшалар мен мектептерге барады (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2012жыл).

1-сурет. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне баратын дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер (2012 жыл).



2-сурет. Білім беру жүйесінде оқитын дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы деректер (2012 жыл)



Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс өткен жылдармен салыстырғанда 2014 жылы ұлғайған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін арнайы білім беру ұйымдарының желілері бар. Бұл 17 оңалту орталығы, 133 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, мектеп жанынан ашылған 558 логопедиялық пункт, 47 инклюзивті білім беру мектептері. (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2014жыл).

Қазақстанда мүгедектігі бар балалардың жоғары сапалы білім алуға қол жеткізуіне кедергі келтіретін факторлар мыналарды қамтиды: тиісті оқулықтардың болмауы, мүгедектігі бар балалар отбасыларының кедейлігі, қалалық/ауылдық аудандар арасында, білім беру мекемелеріне қол жеткізудегі теңсіздік, мектептердің және/немесе дайындығы бар мұғалімдер санының жетіспеушілігі, сондай-ақ осы оқушылар үшін тиісті білім беру модельдерінің болмауы (яғни жеке көзқарастың болмауы). Көптеген ғимараттар, көшелер мен объектілер мүгедектігі бар балалардың мұқтаждықтарына бейімделмеген. Инфрақұрылым Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар балалар бетпе-бет келетін тағы бір мәселе болып табылады. Көлік, мектеп, медициналық клиникалар және т.б. секілді қоғамдық ғимараттар және т.б. көбінесе олар үшін қол жетпейтін мәселелер болып табылады. Арнайы көліктің болмауы және өзінің пәтерінен шығуға дәрменсіздік мектептерге барудан бас тартуға және қалыпты өмірден шығып қалуға алып келеді. Мүгедектігі бар балаларға арналған білім беруші мекемелердің көпшілігі мемлекеттік болып табылады әрі өте нашар жағдайда. Тасымалдау мүмкін болмайтын жағдайларда мектеп-интернаттар немесе үйде оқыту (болған жағдайда) білім алудың бірден-бір мүмкіндігі болып табылады[4].

Мұның барлығы Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру тенденциясы мен инклюзивті білім беру жүйесінде білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді түзете қолдау көрсету мен ғылыми негізделген жүйені құру керектігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясы.
2. Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаханова Р.А. – Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования: Методологическое пособие. – Алматы: АПН Казахстана, 2008. – 120с.
3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
4. «Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», - Астана, 2014, – 108 б.

37.015.32

ДЕТСКИЙ ЦЕРЕБРАЛЬНЫЙ ПАРАЛИЧ – ДИАГНОЗ, НО НЕ ПРИГОВОР!